
Xiaomi смарт C200 камерасының пайдаланушы нұсқаулығы

Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама үшін сақтап қойыңыз.

Өнімге шолу

Бұл камераның атау тақтасы оның төменгі жағында орналасқан.




Ескерту: пайдаланушы нұсқаулығындағы өнім, қосалқы құралдар мен пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек анықтамалық мақсатта берілген. Нақты өнім мен функциялар өнімнің кеңейтімдеріне байланысты өзгеруі мүмкін.


Қаптама құрамы: Xiaomi смарт C200 камерасы, зарядтау кабелі, қабырғаға бекіту жинағы (негіз, дюбел × 2, бұранда × 2)

Орнату жолы

Камераны үстелдер, асхана үстелдері және кофе үстелдері сияқты тегіс беттерге қоюға болады. Оны қабырғаға да бекітуге болады.

Камераны қабырғаға бекіту:
1. Қабырғадағы негізді бекіту саңылауларының орындарын белгілеу үшін алдымен қарындашты пайдаланып, белгіленген орындарда екі саңылау бұрғылаңыз. Әр саңылау диаметрі – шамамен 6 мм, ал тереңдігі – шамамен 30 мм.
2. Пластик дюбелді бұрғыланған саңылауларға салыңыз.
3. Негіз жағын көрсеткілерін сыртқа қаратып қойып, саңылауларды туралаңыз. Бұрандаларды салып, Phillips бұрағышымен оларды дюбелдерге бұраңыз.
4. Камераның астыңғы жағындағы ойықтарды негіздегі көтерілген бөлікпен туралап, оны орнына бекітілгенше сағат тілімен бұраңыз.





⚠ Камераны қабырғаға бекіту кезіндегі сақтық шара

Қабырға камераның жалпы салмағының кемінде үш есесін көтере алуы қажет.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ықтимал жарақаттануды болдырмау үшін камераны орнату нұсқауларына сәйкес төбеге немесе қабырғаға мықтап бекіту қажет.

Қалай пайдалануға болады

- MicroSD картасын орнату


  Камераның ажыратылғанына көз жеткізіңіз. MicroSD слоты ашылғанша объективті жоғары қарай реттеп, microSD картасын слотқа салыңыз (байланыс нүктелері бар жағы төмен қарағаны болуы қажет).

  Ескерту: microSD картасын орнатқанда немесе шығарып алған кезде камераны ажыратыңыз. Білікті жабдықтаушы шығарған түпнұсқа microSD картасын пайдаланыңыз (microSD картасын бөлек сатып алу керек және максималды қолдау көрсетілетін сыйымдылығы: 256 ГБ). MicroSD картасының оқу/жазу жылдамдығы U1/10-кластан төмен болмауы ұсынылады.

- Қосу

  Зарядтау кабелін камераның артындағы Micro USB портына қоссаңыз, камера автоматты түрде қосылады және индикатор қызғылт сары түсте жылдам жыпылықтайды.

  Ескерту: камера жұмыс істеп тұрса, камера объективін бұрмаңыз және оны айналдыруға мәжбүрлемеңіз. Объективтің орналасуы дұрыс болмаса, оны Mi Home/Xiaomi Home қолданбасында калибрлеңіз.



- Индикатор

  Көк жарық қосулы: сәтті байланыстырылды/қалыпты жұмыс істеп тұр
  Көк түсте жыпылықтау: желі қатесі
  Қызғылт сары түсте жылдам жыпылықтау: қосылым күтілуде
  Қызғылт сары түсте баяу жыпылықтау: жаңартылуда

Ескерту: білікті өндірушінің 5 В/2 А шығысы бар қуат адаптерін айдаланыңыз.

Mi Home/Xiaomi Home қолданбасымен байланыстыру

Бұл өнім Mi Home/Xiaomi Home қолданбасымен* жұмыс істейді. Құрылғыңызды Mi Home/Xiaomi Home қолданбасымен басқарыңыз.
Қолданбаны жүктеп алу және орнату үшін осы QR кодын сканерлеңіз. Егер қолданба әлдеқашан орнатылған болса, сіз қосылым параметрлері бетіне қайта бағытталасыз. Болмаса жүктеп алу және орнату үшін қолданбалар дүкенінен «Mi Home/Xiaomi Home» деп іздеңіз.

2CCD476E

Mi Home/Xiaomi Home қолданбасын ашып, жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» түймесін түртіңіз, содан кейін құрылғыны қосу үшін нұсқауларды орындаңыз.
*Қолданба Еуропада (Ресейден басқа) Xiaomi Home қолданбасы деп аталады. Құрылғыда көрсетілетін қолданба атауы әдепкі ретінде қабылдануы керек.

Ескерту: қолданба нұсқасы жаңартылған болуы мүмкін, қолданбаның ағымдағы нұсқасына негізделген нұсқауларды орындаңыз. Байланыс орнату барысында камераның қосылғанына және желі байланысының тұрақты екеніне көз жеткізіңіз. Байланысты күткен кезде индикатор қызғылт сары түсте жылдам жыпылықтайды және камера сәтті қосылғаннан кейін көк түске айналады.

- Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

  Камера жалғанған желіні немесе камера жұптастырылған Xiaomi тіркелгісін өзгерту керек болса, зауыттық параметрлерді қалпына келтіру қайта орнату түймесін бес секундтай басып тұру үшін істікті пайдаланыңыз. Одан кейін желі мен Mi

Home/Xiaomi Home қолданбасын камерамен қайта қосыңыз. Ескерту: зауыттық параметрлерді қалпына келтірсеңіз, microSD картасындағы мазмұн жойылмайды.

Нақты уақыттағы бақылау

Mi Home/Xiaomi Home қолданбасының камера плагинінде нақты уақыттағы бақылау экранын көруге, кескіннің анықтығын реттеуге, камераның көлденең бұрышын реттеуге, экранды түсіруге және жазуға, қашықтан қоңыраулар шалуға болады.

Инфрақызыл түнгі көрініс

Камера түнде орта жарығының өзгеруіне қарай түнгі көрініс режиміне автоматты түрде ауыса алады. Кіріктірілген инфрақызыл түнгі көрініс шамдары арқылы камера қараңғыда кескіндерді/бейнелерді анық түсіре алады.

Ойнату

- Үйлесімді microSD картасы орнатылғанда ғана камераның ойнату мүмкіндігі қолжетімді болады.
- microSD картасы орнатылып, камера қосылғаннан кейін камера бейне жазуды автоматты түрде бастайды. Mi Home/Xiaomi Home қолданбасындағы камера плагинінде ойнату интерфейсіне кіру үшін ойнату түймесін түртіп, ойнатылатын уақыт аралығын таңдау үшін уақыт шкаласын сүйреңіз. Максималды қолдау көрсетілетін ойнату жылдамдығы — 16x.

Автоматты бақылау

- Үйді бақылау көмекшісі қосылса, камера бақыланатын аумақта адам қозғалысы мен өзгерістерді нақты уақытта анықтаған кезде бейнелерді жазады. Одан кейін қолданбада хабарландырулар аласыз.
- Mi Home/Xiaomi Home қолданбасындағы камера плагинінде үйді бақылау көмекшісінің функциясын қосуға немесе өшіруге болады.
- Күні бойғы, күндізгі, түнгі немесе талаптарыңызды қанағаттандыратын кез келген басқа уақытты бақылауды орната аласыз. Сонымен қатар ескерту сезімталдығы мен ескерту уақыт аралықтарын қолданбада реттеуге болады.



Бейнені бөлісу

Mi Home/Xiaomi Home қолданбасындағы камера плагинінде камераны басқалармен бөлісу үшін параметрлер мәзірінен құрылғыны бөлісу опциясын таңдауға болады. Камера бөлісілген адам Mi Home/Xiaomi Home қолданбасын жүктеп алып, Xiaomi тіркелгісімен кіруі керек.

Техникалық сипаттамалар

Аты: Xiaomi смарт C200 камерасы
Модель: MJSXJ14CM
Кіріс: 5 В ⎓ 2 А
Апертура: F2.1
Ажыратымдылығы: 1080p
Таза салмағы: 256 г
Бейне кодегі: H.265
Тауар өлшемдері: 109 × 75 × 75 мм
Жұмыс температурасы: -10°C және 40°C аралығы
Мыналармен үйлесімді: Android 8.0 және iOS 12.0 немесе одан кейінгі нұсқа
Сымсыз қосылу мүмкіндігі: Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n 2,4 ГГц
Жад: microSD картасы (256 ГБ дейін)
Wi-Fi жұмыс жиілігі: 2400–2483.5 МГц
Wi-Fi ең жоғары шығыс қуаты: <20 дБм

Абай болыңыз

- Бұл камераның жұмыс температурасының ауқымы: -10°C және 40°C аралығы. Камераны температурасы көрсетілген ауқымнан жоғары немесе төмен орталарда пайдаланбаңыз.
- Камера – дәл электрондық өнім. Қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін камераны ылғалдылық деңгейлері жоғары орталарда орнатпаңыз және оған судың түсуіне жол бермеңіз.
- Камера өнімділігін қамтамасыз ету үшін оның объективін әйнек терезелер немесе ақ қабырғалар сияқты шағылыстыратын бетке қаратып немесе жанына қоймаңыз, себебі бұл кескіннің камераға жақын жерлерде тым ашық, ал алыс жерлерде күңгірт болып көрінуіне немесе камераның ақ кескіндерді шығаруына себеп болады.

- Камераның Wi-Fi сигналы күшті аумақта орнатылғанына көз жеткізіңіз. Камераны металл нысандар мен микротолқынды пештер сияқты оның Wi-Fi сигналына әсер етуі мүмкін заттардың жанына қоймаңыз.
- Қалыпты пайдалану жағдайында бұл жабдықты антенна мен пайдаланушы денесі арасында кемінде 20 см қашықтықта ұстау керек.

WEEE туралы ақпарат



Осы таңбамен белгіленген барлық өнімдер электрлік және электрондық жабдық қалдығы болып табылады (WEEE 2012/19/EU директивасына сәйкес) және сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтармен араласпауы керек. Оның орнына өзіңіздің қалдық жабдығыңызды үкімет немесе жергілікті билік тағайындаған электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын қайта өңдеуге арналған арнайы жинау орнына тапсыру арқылы адам денсаулығы мен ортаны қорғауыңыз керек. Дұрыс кәдеге жарату және қайта өңдеу қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал теріс салдардын алдын алуға көмектеседі. Осындай жинау орындарының орналасқан жері мен шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін орнатушыға немесе жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

ЕО сәйкестік декларациясы

Осымен Shanghai Imilab Technology Co., Ltd. компаниясы Xiaomi Smart Camera C200 радиожабдығының 2014/53/ЕО директивасына сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО сәйкестік декларациясының толық мәтіні мына интернет мекенжайында қолжетімді:
http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html

UK Declaration of Conformity

Осымен Shanghai Imilab Technology Co., Ltd. компаниясы Xiaomi смарт C200 камерасы типті радиожабдықтың 2017 жылғы Радиожабдық ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Ұлыбританияның сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі интернет мекенжайында қолжетімді: https://www.mi.com/uk/service/support/declaration.html

Үшін өндірілген: Xiaomi Communications Co., Ltd.
Өндіруші: Shanghai Imilab Technology Co., Ltd.
(Mi Ecosystem компаниясы)
Мекенжайы: Room 001A, Floor 11, Block 1, No. 588 Zixing Road,
Minhang District, Shanghai, China
Қосымша ақпарат алу үшін www.mi.com сайтына өтіңіз
Пайдаланушы нұсқаулығының нұсқасы: V2.0